# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

10-қосымшаға сәйкес Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
10-ҚОСЫМША

*Ескерту. 10-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

106 - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 26368 мың теңге (жиырма алты миллион үш жүз алпыс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі бюджет кодексі ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі Жарлығы ; "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы N 10 желтоқсандағы N 992 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функциялар мен міндеттерді

барынша тиімді орындау үшін Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету, лауазымдық міндеттерін орындау үшін біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білім мен дағдыларды жаңарту және кәсіптік шеберлікті жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымды-құқықтық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыру, мемлекеттік қызметшілердің біліктігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету |
| 2 | 001 | | Орталық органның аппараты | Жүктелген функциялар мен міндеттерді барынша тиімді орындау үшін штат санын бекітілген лимитіне сәйкес 15 бірлік көлемінде Адам құқықтары жөніндегі Уәкілді ұстау. Саны 2 бірлік деп бекітілген лимит негізінде қызметтік автомашиналарды | Жыл бойы | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жалдау. Есептеу техникаларына және басқа негізгі жабдықтарға қызмет көрсету, оның ішінде: ксерокс 1 бірлік, факс 2 бірлік, телекоммуникациялық қызметті төлеу, шығын материалдарын, шаруаға қажет тауарлар сатып алу. | | |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, соның ішінде мемлекеттік тілді оқыту. Біліктілігін арттыру курстарынан өтіп жатқан мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны 15 адам. | Жыл бойы | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық | Активтерді мүліктену; кеңсе жиһазы - 1 жиынтық, жұмсақ жиһаз - 1 жиынтық. | наурыз, сәуір | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жарақтандыру | | |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің | Есептеу техникаларына және басқа негізгі жабдықтарға жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Жыл бойы | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық жұмыс станциялары - 15 бірлік, сервер - 1 бірлік, сканер - 1 бірлік, принтерлер - 10 бірлік, телекоммуникациялық қызмет сатып алу, шығын материалдарын сатып алу. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер Мемлекеттік органның үздіксіз жұмысы, адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақытылы орындау, қызметкерлердің бақылау жүргізуге қажетті профессионалдық білімі және тәрбиесін көтеру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК